

**«КЕЛІСЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің І-Вице-президенті

М.Куталмыш

« 22 » 06 2018 ж.



**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің президенті

С.Абдрасилов

« 22 » 06 2018 ж.

## САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-088-2018

### ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ МАГИСТРАТУРА, РЕЗИДЕНТУРА, ДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Қабылдау комиссиясы тарапынан ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген - Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Е.Төлегенов
3. Келісілді - Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент Н.Ажиханов  
- Аккредитация және рейтинг орталығының басшысы Ж.Дарибаев  
- Құқық бөлімінің басшысы А.Абсеметов
4. Енгізілді - 2018
5. Тексеру мерзімі - 2019

**Қызметтік қолданыс үшін басылым**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2018</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне магистратура, резидентура, докторантура бағдарламалары бойынша қабылдау ережесі</b>		<b>12беттің 2 – ші беті</b>

### Мазмұны

1. Қолданылу саласы _____	3
2. Нормативтік сілтемелер _____	3
3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар _____	3
4. Жауапкершілік _____	3
5. Жалпы ережелер _____	4
6. Университеттің магистратурасына, резидентураға және докторантураға түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі _____	4
7. Түсу емтихандарын өткізу тәртібі _____	6
8. Магистратураға, резидентураға және докторантураға түсу үшін қабылдау тәртібі _____	7
9. Келісу, сақтау және тарату _____	8
Қосымша-1 _____	9
Қосымша А. Танысу парағы _____	11
Қосымша Б. Өзгерістерді тіркеу парағы _____	12

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2018</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне магистратура, резидентура, докторантура бағдарламалары бойынша қабылдау ережесі</b>		<b>12беттің 3 – ші беті</b>

## **1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1. Осы ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (одан әрі, Ахмет Ясауи университеті) магистратура, докторантура және резидентура білім беру бағдарламасы мазмұнына, түлектердің алған білімі мен академиялық дәрежесін бағалаудың орындалу тәртібіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.3. Университеттің осы ережесі бакалавр мамандықтарын даярлауда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.5. Ереже студенттерді қабылдаудың сапасын бағалауда негіз болып табылады.

1.6. УЕ-ХҚТУ-088-2018 Университет ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## **2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

2.1 Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы;
- Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 109 қаулысы;
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес мәжілісінің шешімдері
- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;
- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару;

## **3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

3.1 Университеттің осы стандартында төмендегі қысқартулар қолданылады:  
Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

ҚР СТ –Қазақстан Республикасының стандарты;

УС – университет стандарты;

СМЖ – сапа менеджмент жүйесі;

СМЖҚ –СМЖ құжаттары;

АРО – Аккредитация және рейтинг орталығы

## **4 ЖАУАПКЕРШІЛІК**

4.1 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің Сенат мәжілісінде талқыланады.

4.2 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университеті президенті – Сенат мәжілісінде төрағасы тарапынан бекітіледі.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Қабылдау комиссиясы жауапты болып табылады.

4.4 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын қадағалау оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент қадағалайды.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2018</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне магистратура, резидентура, докторантура бағдарламалары бойынша қабылдау ережесі</b>		<b>12беттің 4 – ші беті</b>

## **5. Жалпы ережелер**

5.1. Осы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің магистратура, резидентура, докторантура бағдарламалары бойынша қабылдау ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы №109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес әзірленді және талапкерлерді Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (бұдан әрі – университет) магистратурасына, докторантурасына және резидентурасына қабылдау тәртібін айқындайды.

5.2. Университеттің магистратурасына, резидентурасына, докторантурасына шетелдіктерді оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

5.3. Университеттің магистранттар, резиденттер контингенті университетте орналыстырылатын ғылыми – педагогикалық кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде және магистранттар контингенті Түркия Республикасы квотасы бойынша оқу үшін конкурстан өткен білім алушылардан, жеке және заңды тұлғалардың қаржысы есебінен қабылданған білім алушылардан қалыптастырылады.

5.4. Университеттің докторанттар контингенті университетте орналыстырылатын ғылыми – педагогикалық кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы және Түркия Республикасы квотасы бойынша оқу үшін конкурстан өткен, қабылданған білім алушылардан қалыптастырылады. Түркия квотасы бойынша докторантураға түскен білім алушылар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 3 жыл жұмыс істеу міндеттеледі.

5.5. Университеттің магистратурасына, резидентурасына және докторантурасына түсу емтихандарын өткізу үшін университет ректорының бұйрығымен бекітілген қабылдау комиссиясы және апелляциялық комиссиялар құрылады.

5.6. Университеттің магистратурасына, докторантурасына және резидентурасына түсушілердің өтініштерін қабылдау ағымдағы жылдың 3-31 шілде аралығында жүргізіледі.

Магистратураға, резидентураға, докторантураға шет тілі бойынша түсу емтихандары ағымдағы жылдың 10-15 тамыз аралығында, мамандық бойынша ағымдағы жылдың 16- 20 тамыз аралығында, қабылдау 25 тамызға дейін жүргізіледі. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу ағымдағы жылдың 10-15 тамыз аралығында жүргізіледі.

5.7. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне магистратура, резидентура және докторантура бойынша қабылданатын мамандықтардың тізімі 1-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

## **6. Университеттің магистратурасына, резидентураға және докторантураға түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі**

6.1. Магистратураға, докторантураға және резидентураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген азаматтар қабылданады.



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХКТУ-088-2018</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетіне магистратура, резидентура, докторантура бағдарламалары бойынша қабылдау ережесі</b>		<b>12беттің 5 – ші беті</b>

6.2. Университетке құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы Университет басшысы болып табылады.

6.3. Шетелдік білім беру ұйымдарында білім туралы құжаттарды алған адамдар Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының магистратурасына, резидентурасына және докторантурасына түсу үшін алған білім деңгейлеріне және даярлау бейініне сәйкес білімдері туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау рәсімінен өтулері қажет.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық инарттарға (келісімдерге) сәйкес танылады.

6.4. Магистратураға және резидентураға түсуші адамдар – Университет қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды:

- ұйым басшысының атына шет тілі бойынша түсу емтиханын немесе оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға кешенді тестілеуді тапсыратын қала көрсетілген өтінішті;

- жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесін;

- интернатураны бітіргені туралы куәлікті (резидентураға түсу үшін);

- Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарының түпнұсқасы және көшірмесі (бар болса). Бұл ретте Университет қабылдау комиссиясы ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын тексереді.

ағылшын тілі: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP – кемінде 460 балл), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 87), (TOEFL, шекті балл – кемінде 560 балл), International English Language Tests System (IELTS, шекті балл – кемінде 6.0);

неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Prüfung (Niveau C1/C1 деңгейі);

француз тілі: Test de Français International™ (TFI – оқу және тыңдалым секциялары бойынша B1 деңгейден төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue française (DELFL, B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue française (DALF, C1 деңгейі), Test de connaissance du français (TCF – кемінде 400 балл).

- кадрлар есебі бойынша жеке іс парағы мен еңбек қызметін растайтын құжатты (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);

- 3x4 сантиметр мөлшеріндегі алты фотосурет;

- 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы;

- жеке куәлігінің көшірмесін;

- ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімін (бар болса) тапсырады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

6.5. Докторантураға кемінде 1 жыл еңбек өтілі және "магистр" дәрежесі бар немесе медицина мамандықтары бойынша резидентурада оқуын бітірген және кемінде 3 жыл еңбек өтілі бар адамдар қабылданады.

Докторантураға түсуші адамдар Университет қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды:

- ұйым басшысының атына шет тілі бойынша түсу емтиханын тапсыратын қала көрсетілген өтінішті;

- жеке куәліктің көшірмесін;

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2018</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне магистратура, резидентура, докторантура бағдарламалары бойынша қабылдау ережесі</b>		<b>12беттің 6 – ші беті</b>

- білімі туралы құжаттың көшірмесін;
- Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарының түпнұсқасы және көшірмесі (бар болса). Бұл ретте Университет қабылдау комиссиясы ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын тексереді.

ағылшын тілі: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP – кемінде 460 балл), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 87), (TOEFL, шекті балл – кемінде 560 балл), International English Language Tests System (IELTS, шекті балл – кемінде 6.0);

неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Prüfung (Niveau C1/C1 деңгейі);

француз тілі: Test de Français International™ (TFI – оқу және тыңдалым секциялары бойынша B1 деңгейден томен емес), Diplome d'Etudes en Langue française (DELFL, B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue française (DALF, C1 деңгейі), Test de connaissance du français (TCF – кемінде 400 балл).

- ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімін (бар болса);
- 3x4 сантиметр мөлшеріндегі алты фотосурет;
- 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы;
- кадрлар есебі бойынша жеке іс парағы немесе жұмыс орны бойынша кадр бөлімі растаған еңбек қызметін растайтын басқа құжатты тапсырады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

6.6. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға, резидентураға, докторантураға оқуға үміткер тұлғалар жалпы негізде құжат тапсырады.

6.7. Қабылдауға ұсынылған құжаттар жинағы толығымен болуы шарт, қажетті ақпарат немесе құжат толығымен болмаған жағдайда құжаттардың қабылданбауына себеп болады.

## **7. Түсу емтихандарын өткізу тәртібі**

7.1. Магистратураға, резидентураға және докторантураға түсуші адамдар түсу емтихандарын:

7.1.1. таңдауы бойынша бір шет тілінен (ағылшын, француз, неміс; араб тілін білу талап етілетін мамандықтарға түсуші тұлғалар үшін араб тілі бойынша);

7.1.2. мамандық бойынша тапсырады.

«Ғылыми-педагогикалық магистратураға, оның ішінде оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсуші адамдар, сондай-ақ оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) тест пен мамандық бойынша ағылшын тіліндегі тестіден тұратын кешенді тестілеу тапсыра алады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші адамдар оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) тест пен мамандық бойынша ағылшын тіліндегі тестіден тұратын кешенді тестілеу тапсырады.

7.2. Магистратураға, докторантураға және резидентураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде – Университетте мамандықтар бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Ұқсас мамандықтар бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2018</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне магистратура, резидентура, докторантура бағдарламалары бойынша қабылдау ережесі</b>		<b>12беттің 7 – ші беті</b>

7.3. Мамандық бойынша немесе ұқсас мамандықтар бойынша емтихан комиссиялары тиісті мамандық бойынша ғылым докторы немесе кандидаты, немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар Университет қызметкерлері қатарынан қалыптастырылады.

Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағалары көрсетіле отырып Университет басшысының бұйрығымен бекітіледі.

7.4. Түсу емтихандарын тапсырған жылы оларды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

7.5. Бірыңғай талаптарды сақтауды және даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету мақсатында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Апелляциялық комиссия түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін құрылады.

7.6. Апелляцияға берілетін өтінішті магистратураға, резидентураға, докторантураға түсуші адам апелляциялық комиссия төрағасының атына береді. Емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептер бойынша өтініштер түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады, оны апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

## **8. Магистратураға, резидентураға және докторантураға түсу үшін қабылдау тәртібі**

8.1. Магистранттар, резидентура тындаушылары және докторанттар қатарына қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

8.2. Магистратураға, резидентураға, докторантураға адамдарды қабылдау түсу емтихандарының немесе ғылыми-педагогикалық магистратурада, оның ішінде оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратурада немесе оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада оқу үшін кешенді тестілеу қорытындылары бойынша мынадай балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады:

- ғылыми-педагогикалық магистратураға және докторантураға шет тілі бойынша – кемінде 50 балл және мамандығы бойынша – кемінде 50 балл, ал бейінді магистратураға, резидентураға шет тілі бойынша – кемінде 30 балл және мамандығы бойынша – кемінде 50 балл;

- ғылыми-педагогикалық магистратурада, оның ішінде оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратурада және ағылшын тілінде бейінді магистратурада оқу үшін – кемінде 19 балл, оның ішінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 5 балл, мамандық бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 6 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 8 балл.

8.3. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға шет тілі және мамандығы бойынша түсу емтихандарының жиынтығы бойынша ең жоғары:

- а) ғылыми-педагогикалық магистратура және докторантура үшін – кемінде 150 балл;

- в) бейінді магистратура және резидентура үшін – кемінде 130 балл жинаған тұлғалар қабылданады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ағылшын тілінде оқытатын бейінді магистратурада білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 25 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

Осы Ереженің 6.4 және 6.5 тармақшаларында көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаты бар адамдарға 100 балдық бағалау жүйесі бойынша ең жоғары балл қосылады.



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2018</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне магистратура, резидентура, докторантура бағдарламалары бойынша қабылдау ережесі</b>		<b>12беттің 8 – ші беті</b>

8.4. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда қабылдау кезінде басым құқық мамандық бойынша ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі, мамандық бойынша түсу емтихандарының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда басым құқық шет тілі бойынша ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң таңдаған мамандығының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдар; ғылыми эзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар, ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

8.5. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түскен магистрант және докторанттармен оқуды бітіргеннен кейін кемінде үш жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасалады..

8.6. Түркия Республикасы грантына магистратурада, резидентурада және докторантурада мамандық емтиханы өткеннен кейін ҚР азаматтарына конкурс арқылы анықталады.

8.7. Магистранттың магистратураға, докторанттың докторантураға түсер алдында тиісті білім беру бағдарламасын меңгеруге қажетті барлық пререквизиттері болуы тиіс. Қажетті пререквизиттер тізбесін жоғары оқу орны өзі айқындайды.

Қажетті пререквизиттер болмаған жағдайда магистрантқа және докторантқа оларды ақылы түрде меңгеруге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда магистратурада және докторантурада білім алу пререквизиттерді толық меңгергеннен кейін басталады.

8.8. Магистратура, резидентура және докторантураға түсу сынақтарынан сәтті өткен, бірақ мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінген орындарға конкурстан өтпеген үміткерлер университеттің магистранттар, резиденттер және докторанттар қатарына ақылы түрде қабылдана алады.

## **9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

9.1. Осы университет ережесін талқылау және келісу Басқару Кеңесінің отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

9.2. Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі қабылдау комиссиясына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адресстер бойынша жіберіледі: Академиялық департаментке, Кәсіби бағдар бөліміне, факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

9.3. Осы университет ережесінің бақылау данасын АРО-ға сақтауға беріледі.

**Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент**



**Н.Т.Ажиханов**

**Аккредитация және рейтинг орталығының басшысы**



**Ж.Дарибаев**

**Құқық бөлімінің басшысы**



**А.А.Абсеметов**

**Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы**



**Е.М.Төлегенов**



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2018</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне магистратура, резидентура, докторантура бағдарламалары бойынша қабылдау ережесі</b>		<b>12беттің 9 – ші беті</b>

Қосымша-1

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Магистратура, резидентура, докторантура бағдарламалары тізбесі**

<b>№</b>	<b>Білім алу түрі</b>	<b>Шифр</b>	<b>Мамандықтар</b>
1	Магистратура	6M010100	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
2		6M010200	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
3		6M010300	Педагогика және психология
4		6M010700	Бейнелеу өнері және сызу
5		6M010800	Денешынықтыру және спорт
6		6M011000	Физика
		6M011000	Физика (бейіндік)
7		6M011300	Биология
		6M011300	Биология (бейіндік)
8		6M011900	Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік тілдері)
9		6M020100	Философия
10		6M020300	Тарих
11		6M020500	Филология
12		6M020600	Дінтану
13		6M021000	Шетел филологиясы: түрік тілі
		6M021000	Шетел филологиясы: ағылшын тілі
14		6M021200	Түркітану
15		6M030100	Құқықтану
16		6M050100	Әлеуметтану
17		6M050200	Саясаттану
18		6M050600	Экономика
19		6M050700	Менеджмент
20		6M050800	Есеп және аудит
21		6M051000	Мемлекеттік және жергілікті басқару
22		6M060100	Математика
23		6M060200	Информатика
24		6M060400	Физика
25		6M060600	Химия
26		6M060800	Экология
27		6M070300	Ақпараттық жүйелер
28	6M070500	Математикалық және компьютерлік модельдеу	
29	6M071800	Электр энергетикасы	
30	6M110100	Медицина	
	<b>Барлығы</b>		
1	Докторантура (PhD)	6D010300	Педагогика және психология
2		6D010900	Математика
3		6D011000	Физика
4		6D011400	Тарих
5		6D011700	Қазақ тілі мен әдебиеті

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2018</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне магистратура, резидентура, докторантура бағдарламалары бойынша қабылдау ережесі</b>		<b>12беттің 10 – ші беті</b>

6		6D030100	Құқықтану
7		6D050600	Экономика
8		6D050700	Менеджмент
9		6D070500	Математикалық және компьютерлік модельдеу
10		6D110100	Медицина
11		6D110200	Қоғамдық денсаулық сақтау
<b>Барлығы</b>			
1	Резидентура	6R112700	Жалпы хирургия
2		6R111500	Невропатология, соның ішінде балалар невропатологиясы
3		6R114200	Педиатрия
4		6R114400	Акушерия және гинекология, соның ішінде балалар гинекологиясы
5		6R110100	Терапия
<b>Барлығы</b>			





